



№68 (9955)
30 тамыз
сәрсенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жаршысы



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймын!

Адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге ұмтылысы тарихымызда айқын көрініс тапқан. Озық әлемдік тәжірибені, тарихи және ұлттық дәстүрлерді арқау еткен Қазақстан Конституциясы халқымыздың бірлігі мен мемлекет тәуелсіздігінің берік негізі саналады.

Еліміздің Конституциясы уақыт сынынан сүрінбей өтіп, тарихи дамуымыздың жалпыұлттық бағдарын айқындауда басты мәнге ие болып отырғанын дәлелдеді.

Конституция – кемел келешегіміздің, біртұтас бірлігіміздің, дербес мемлекеттік даралығымыздың, ұлттық татулығымыздың кепілі. Тәуелсіз ел болып, қасиетті көк байрағымыз желбіреп, мемлекетіміз дербес саясат жүргізе бастаған уақыттан бері Қазақстан биік те абыройлы белестерді бағындырып, әлемдегі алпауыт елдермен терезесін теңестірді.

Конституцияның негізгі түйіні бір шаңырақ астында ұлыстар мен ұлттарды біріктіріп, олардың өркін өмір сүруін қамтамасыз ету болса, Конституция күшіне енген уақыттан бастап Қазақстан халқына мүлтіксіз қызмет етіп келеді. Конституция мемлекеттілігіміздің берік іргетасын қалай отырып, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және Қазақстан қоғамын біріктіруге зор үлес қосты.

Еліміз өрлеу үстінде, еліміздің басқа аймақтарымен қатар Сыр өңірі, оның ішінде Жалағаш ауданы да тұрақты даму үстінде. Жыл сайын ауданның даму динамикасы жоғарылап, ажары артты. Әлеуметтік-экономикалық саясаттың да қоғам көшіне ілесуіне жұмыс жасап келеміз. Аудан дамуы елді мекендердің көркейіп-гүлденуімен, жергілікті жұртшылықтың тұрмыс сапасымен өлшенетіні белгілі. Біз бұл тұста жаңа бастамаларды қолға алып, жарқын жобаларды жүзеге асырудамыз. Тәуелсіз еліміздің өркеніне қадам басып, ауданның дамуы үшін нақты әрі мақсатты шешімдерді қабылдаймыз.

Қадірлі жалағаштықтар!

Осы мерекеге орай барша қазақстандықтарға бейбіт өмір, игі бастамалар мен бақ-береке тілеймін! Бірлігіміз бекем, елдік мұратымыз асқақ, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Құрметпен, аудан әкімінің міндетін атқарушы Арнұр Нұрмағанбетов

ҚҰТТЫҚТАУ

Қымбатты еңбек және тыл ардагерлері!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – халқымыз үшін аса қастерлі де ұлы мереке. Бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданған Ата Заңымызда бекітілген қағидаттар бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Еліміздің халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы.

Конституция ел бірлігін, тұрақтылығын, мемлекеттік құрылым мен еліміздің тұтастығын бекітіп берді. Әрбір қазақстандық келешекке көруен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінді.

Басты құндылықтарымыз Тәуелсіздігіміз, Келісім мен Бірлігіміз нығая берсін. Сіздерге мықты денсаулық, отбастарыңызға бақ-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін. Ел аман, келешегіміз кемел болсын!

Ізгі ниетпен, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Алиев

Аңдампа

4 →

Тәртіп сақшысы – қоғам қорғаны



Салтанатты шара

Ата заң – алтын діңгегім

Қай елде болсын заңның ең үлкені, темірқазығы Конституция болып табылады. Конституция – кемелділік көкжиегін кеңітетін құжат. Халқымыз онымен өзінің тағдырын, болашақ асуларын байланыстырады. Конституция негізінде және оған сүйене отырып, елімізде жүргізілген реформалардың оң нәтижесі ретінде қоғамда тыныштық пен бейбітшілік қалыптасты. Конституция күні – халқымыз үшін ең қастерлі, ең ұлы мереке. Мемлекетіміздің құқықтық негізін айқындаған Ата заңымыздың қабылданғанына биыл 28 жыл толды.



Ұлы даламыздың тамыры тереңде жатқан құндылықтарын қадір тұтқан, тәуелсіз мемлекетіміздің алтын тірегі мен темірқазығы іспеттес басты құжаты – Конституция. Ата Заңымыз ардақталар мемлекеттік мереке қарсаңында кеше Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәде-

ниет үйінде «Ата Заңым – алтын діңгегім» атты салтанатты жиын өтті.

Конституция – мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің айнымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі. Есім ханның ескі жолы, Қасым

ханның қасқа жолы, Тәуке ханның Жеті жарғысынан бастау алатын Ата Заң бүгінде басты құжатымызға айналды. Кер заманнан көксейгірге ұмытылған ұлттымыздың ұланғайыр тарихында Тәуке ханның тұсында елді әділдік жолына бастаған далалық Ата Заңның

дәуірлеу тұсы бастау алды. Салтанатты шара Тәуке ханның Төле би, Әйтеке би, Қазыбек билермен елді ынтымақта ұстау мақсатында «Жеті жарғыны» жариялауы туралы қойылымынан бастау алды.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ

Ауыл тынысы

Жол жөндеу жұмысы жанданды

АУЫЛ – ЕЛДІ АЛТЫН БЕСІГІ. ИӘ, АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ДАМУЫНА, АУЫЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЖАҚСАРУЫНА, ӘЛЕУМЕТТІН ӘЛЕУЕТІНІ АРТУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СОҒҒЫ УАҚЫТТА АУДАНДА АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА. СОНЫҢ БІРІ «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА МӨРӘЛІ ШӘМЕНОВ АУЫЛЫНДА КҮНІ КЕШЕ БҰҚАРБАЙ БАТЫР АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ ІШКІ КӨШЕНІН КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛЫП КЕТТІ. ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚТЫ ЕСТІГЕН БІЗ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ЖОБАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСУ МАҚСАТЫНДА АУЫЛҒА АЯҚ БАСТЫҚ.



Елді мекенге кіреберінен қызу тірліктің көрінісіне тап болдық. Шыны керек, қарқын алған құрылысқа қарасаңыз, көз тойып, көңіл марқаяды. Жол жиектеріне ескертпе белгілері қойылып, сүрілген жолды тегістеп, асфальт жабындысы төселіп жатыр. Жол жөндеуге қажетті техникалық көліктер мен жол жөндеушілер өзінің жұмыстарына кірісіп кеткен. Құрылыс басында ауыл әкімі Ғалымжан Есжанов та жұмыс процесін егжей-тегжейлі бақылап жүр.

– Ауылымызда өткен жылы «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша 2 жоба

жүзеге асырылды. Нақтырақ айтсам, 12 ішкі көшенің тоғызына 109 млн 760 мың теңгеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, толық аяқталды. Сонымен қатар «Өңірлерді дамыту бағдарламасы» бойынша Жамбыл көшесіне 1 млн 960 мың теңгеге көше жарығы шамдары орнатылды. Көріп тұрғандарыңыздай, 10-шы көшенің жөндеу жұмысы жүріп жатыр. Жоба құны 64 млн теңге, жұмыс жүргізіп жатқан мердігер мекеме – «Қызылорда жолдары» ЖШС. Жасыратыны жоқ, орталық көшенің тозығы жетіп, талай жылдан бері жөндеу жұмыстарын қажет

еткен болатын. Жобамыз қаржылай қолдау тауып, жұмыстар басталды. Бұйырса, қыркүйек айында жөндеу жұмыстары толықтай аяқталып, ел игілігіне табысталады, – дейді ауыл әкімі Ф.Есжанов.

Иә, жұмысты белсенділігі жоғары, мердігер мекеме де ауа райы қолайлы болып, ешқандай қиындықтар туындамаса, құрылыс жұмыстарын тезірек аяқтал, тұрғындардың игілігіне табыстауға ниетті. Сондай-ақ арықтарға аяқ су өтетін құбырлар қойылып, жан-жағы тегістеліп, үстіне көлік жолы, яғни асфальт жабындысы төселуді екен. Бүгінде арықтарға сол құбырларды орнату жұмыстары жүріп жатыр.

– Ескі асфальтты толықтай қырып болған соң, көшені әбден тегістеп, жолдың бетіне бірінші топырақ жаямыз. Толықтай топырақпен тегістеліп, бетіне қиыршық тас төселеді. Содан кейін асфальт төсеу жұмыстары жүреді. Жалпы, көшенің ұзындығы 758 метрді құрайды, ал асфальттың қалыңдығы төселген тасымен есептегенде 15 см, ал асфальттың өзі 7-8 см қалыңдықта болады. Жұмыс барысы шүкір, қарқынды. Ешқандай қиындық туғызатындай мәселе жоқ. Қыркүйек айына дейін жұмыстардың 90 пайызын аяқтауды жоспарлап отырмыз, қыркүйек айына тек жол жиектеріне тас төсеу және жол белгілерін орнату жұмыстары қалады. Асфальттау жұмыстары аяқталған соң жол белгілері, жаяу жүргінші жол міндетті түрде орнатылады, – дейді мердігер мекеменің бас инженері Болат Әліпбаев.

Иә, өңірімізде кейінгі жылдары жол құрылысы қарқын алғанын жалағаштықтар жақсы біледі. Биылдың өзінде әсіресе ауылдық елді мекендердің бірқатар көшелері жаңарып қалды. Сондықтан болар, ауыл тұрғындары да жол жөндеу жұмыстарының уаде еткен уақытында басталғанына риза болып, қуаныштары жасырмауда.

– Соңғы жылдары ауылымыздың көшелері жаңарып қалды. Сол себепті ауыл тұрғыны ретінде аудан басшылығына алғысымды айтамын. Көзіміз көріп отыр, қаншама жұмыстар атқарылып жатыр, ауылымыз көркейіп келеді. Су, жарықтан ешқандай мәселе жоқ, көшелеріміз теп-тегіс, ендігі жылы көгілдір отын келсе, тіпті керемет болайын деп тұр. Халыққа бұдан басқа не керек? Міне, орталық көшеге жаңа асфальт төселуде, іске сәт, – деп ағынан жарылды ауыл тұрғыны Гүлсара Ернарарова.

Құт-берекенің ортасы саналатын ауылды дамыту, тұрғындарға қолайлы орта туғызу ел үшін ең басты қадам екені сөзсіз. Ауыл дамыса, қараша халықтың әл-ауқаты көтеріледі. Сондықтан болар, өңір басшысы Асқарбек Есжанов ауданға қарасты елді мекендерді көтеретін түрлі мемлекеттік жобаларды жүзеге асыруға аса мән береді. Оның дәлелі бүгінде ауданда ауыл жолдарын жөндеу, әлеуметтік тұрғыдағы маңызды нысандарды жаңарту, инженерлік инфрақұрылымдарын дамыту жұмыстары қарқын алды.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Кеңес



Ата заң — алтын діңгегім



Сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт

Қазіргі заманауи талапқа сай, өзіндік көзқарасы бар жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру білім саласы үшін маңызды мәселе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында «Мектеп – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Осыған орай балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беріміз керек, сондай-ақ белсене атсалысуымыз қажет» деді.

ҚР Оқу-ағарту министрлігі бастамасымен «Президенттік жастар кадрлық резерві» білім берудегі қобаласшыларды даярлау, іріктеу тегіні әзірлеу және бекіту бойынша пилоттық режимде жоба іске қосылып, жұмыстар басталды. Оқу-ағарту министрлігінің жанынан білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының кадрлық резерві жасақталуда. Осы орайда кадр резерві кезеңдерінен өтіп, әлі де тағылымдамадан өтіп жатқан үміткер, Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 мектеп директорының орынбасары Каналхан Ермұрат өз біліктілігімен бөлісті.

Біздің оқу-ағарту саласын дамытуға, білім саласын көтеруге бағытталған бар жұмысымыз осындай ұлттық мүддеге негізделген. Кешегі Тамыз кешесінде де білім саласын ілгерілетуде қолға алатын жобаларды ұсынып, алдағы мақсат-міндеттер айқындалды. Аудан әкімінің міндетін атқарушы Арнұр Нұрмағанбетов модераторлық жасаған кеңесте облыстан келген меймандар баяндама жасап, білім саласын ілгерілетуде жалағаштық ұстаздардың өзіндік қолтаңбасы барын жеткізді.

106 балаға артуда. Биыл ауданда 2 балабақша мен 4 мектепте мемлекеттік аттестаттау жұмыстары жүргізілген. Аттестаттау барысында жиі орын алатын кемшіліктер мектеп басшыларының өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысын талапқа сай әзірлеу, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында әдістемелік сүйемелдеудің жетілдірілуі, педагогтарды қайта даярлау, біліктіліктерін көтеру бағытындағы көшеді шаралардың жетілдірілуі анықталған. Бұл орайда мектеп директорлары, балабақша меңгерушілері білім ұйымдарына қойылатын талаптарға сәйкестендіру шараларын қабылдау тиіс.

Ауданда дарынды балаларды қолдау лайықты деңгейде жүзеге асырылуда. Оқушылардың пәндік олимпиадаға дайындығын күшейту мақсатында аудандық «Жас дарын» олимпиадалық резерві мектебі құрылып, 122 оқушы қамтылды. Пәндік олимпиада бойынша 29 оқушы облыстық кезеңге қатысып, 18 оқушы жүлделі орын иеленді. 3 оқушы республикалық кезеңге қатысып, қола медал иегері атанды. Сонымен қатар өткен жылы құрылған «Сыр дарыны» білімділер академиясы аясында 8-9 сыныптардан 138 оқушы «Қамбаш» облыстық лагерь базасында дайындық бойынша оқыту курстарынан өтті. «Мың бала» олимпиадасына биыл 58 оқушы қатысып, 16-сы жеңімпаз атанып, мамандандырылған мектептерде оқуын жалғастыруға мүмкіндік алды. Аудан мектептеріндегі 8-9 сынып оқушылары арасында «Іганат» олимпиадасының қорытындысымен республикалық кезеңге 4 оқушы жолдама алды. Дестүрлі өткізілетін президенттік олимпиада мен ғылыми жобаларға облыстық деңгейде 82 оқушы қатысып, 38-і жүлделі орын иеленді, республикалық кезеңге 11 оқушы қатысып, 8-і жүлделі орын иеленген.

Кеңесте Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Галия Ноғайқызы, облыстық білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Бекжан Шакизатулы және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының облыс бойынша кәсіби даму институтының Педагогикалық әдіснама және инновациялық кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Ұлтай Зіркызы баяндама жасады. Аудан бойынша білім бөлімінің басшысы Талғат Құрақбайұлы білім беру саласы бойынша атқарылған жұмыстар және алдағы міндеттерге тоқталды.

Мектептің сапалы және тиімді қызмет жасауы үшін жаңа заман директоры новатор, әдіскер, ұстаз, стратег, экономист, қаржыгер, менеджер, бір сөзбен айтқанда, өзгерістерді басқара алатын кәсіпкерлік лидер болуы қажет. Ол өз кезегінде оқу сапасы көрсеткіштерін жақсартуға негіз болады. Білім бөлімі осы бағытта орта мектептердің қызметіне 20-дан астам параметр бойынша мониторинг жүргізді. Қорытындысында алғашқы бестікте №123, 201, 202, 31, 38 мектептер бар.

Мектептердің ағымдағы жөндеу жұмыстарына биыл 17 млн 800 мың теңге бөлінсе, 2023 жылға барлығы 89 млн 346 мың теңге қаралып, 5 есеге артық.

Ұлттық бірінші тестілеу – білім саласының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Биыл мектепті 356 түлек аяқтап, оның 329-ы немесе 92,4 пайызы тестілеуге қатысқан. Ұлттық бірінші тестілеу қорытындысымен білім беру гранты конкурсына қатысқан 302 талапкердің 86 пайызы немесе 260 түлек грант иегері атанды. Бұл көрсеткіш облыста аудандар арасында 2 орынға тұрақтауда. Талапкерлердің 113-і немесе 37,4 пайызы педагогикалық бағыттағы мамандықтарды таңдады.

Білім беру қызметкерлерінің педагогикалық тәжірибесін арттыру мақсатында оқушылар мен ұлағатты ұстаздардың білім тәжірибесінің көрмесі таныстырылды. Сондай-ақ үздік білім қызметкерлері мен білім беру ұйымдары облысы әкімі орынбасарының алғыс хатымен, облыстық білім басқармасы басшысының алғыс хатымен, аудан әкімінің алғыс хатымен және «Білім шыңы», «Үздік инновациялық мектеп», «Үздік жаңашыл мектеп» номинацияларымен марапатталып, 3 мектепке 4 млн теңге сыйақы берілді. Үздіктер бас қосқан жылыда Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің әуез пәнінің мұғалімі Орынбаева Айгүміс Телғарқызына Жалағаш ауданының «Құрметті азаматты» атағы табысты.

Ауданда алғаш рет әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балабақшамен қамтылған 218 баланы толық тегін тамақпен қамту үшін 12 млн теңге қаржы бөлінуде. Биыл 20 мектепте 7150 оқушы білім алды. Бірінші сыныпқа 619 бала қабылданды. Білім алушылар контингенті

Оқу жылы қорытындысымен 17 түлекке «Алтын белгі» табысты. Конкурсқа қатысқан 17 талапкердің 17-сі мемлекеттік білім беру грантын иеленді. Осы ретте тестілеуге қатыспаған және жоғары оқу орнының білім грантынан

Ұстаздың еңбегі, берілген білім мәңгілік азық болары анық. Терең білім – адам баласына өмірлік нұсқа. Бұл кездесуде айтылған мәселелер – жай ғана сөз емес, келешегімізді кемел елдігімізді мәңгі етуді көздейтін мемлекеттік көзқарас және азаматтық ұстаным.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Спартакиада



Ардагерлер арасындағы сайыс

СПОРТ АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ЖАНЫНА ҚАШАНДА ЖАҚЫН ЕКЕНІ СӨЗСІЗ. ӨЗДЕРІНІҢ АҚЫЛ-ПАРАСАТТЫЛЫҒЫМЕН, ТҰЛА БОЙЫ ТҮНҒАН ӨНЕРЛЕРІМЕН ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ, АҚЫЛШЫ БОЛА БІЛГЕН БІЗДІҢ АРДАГЕРЛЕРІМІЗ, АУДАНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН БАРЛЫҚ ИГІ ІСТЕРДІҢ КӨШБАСШЫСЫ БОЛЫП КЕЛЕДІ. ҚУАНТАРЫЛЫҒЫ, ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТТАРЫМЫЗ ДА БҮГІНДЕ СПОРТТАН ҚОЛ ҮЗГЕН ЕМЕС.

Мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығына орай «Спорт – саулық кепілі» атты ардагерлер арасында аудандық XI спартакиада өтті. Бұл дүбірлі доданы өткізудегі басты мақсат – аудан ардагерлерін салауатты өмір салтына шақыру және аудан ардагерлері арасындағы байланысты нығайту. Сондай-ақ ардагерлеріміздің игі істерін кейінгі жас ұрпаққа үлгі ету. Спартакиаданың ашылу салтанатына аудан әкімі Асқарбек Есжанов бастаған бірқатар ел ағалары қатысты.

жұық 63 жастан асқан ер және 58 жастан асқан әйел ардагерлерінен құралған 16 команда қатысты. Олар арқан тартыс, бес асық, асық ату, қол күрес, эстафета, 500-1000 метрге жүгіру секілді сайыстар бойынша өзара бақтарын сынады.

«Асық ату» сайысы бойынша ерлер арасында өткен жарыста жүлделі I орынды Мәдениет ауылы, II орынды Бұқарбай батыр ауылы, III орынды Қаракеткен ауылының ардагерлері иеленді. «Бес асық» сайысы бойынша I орынды Мәдениет ауылы, II орынды Аққум ауылы, III орынды кент ардагерлері иемденді.

Салауатты өмір салтын сақтауда жас буынға үлгі болып, өз саласының үздігі атанған кешегі білікті мамандар бүгінде қоғамның бөлсенді ардагері атандылар. Қазіргі таңда ауданда 4 мыңға жуық ардагер бар. Елді бірлікке шақыруда татулықты, достықты, өткен тарих пен келешектің маңызын ұрпақ бойына сіңіріп, кішіпейілділіктен ұлы жолдың қалыптасуына өз үлестерін қосуда сіздердің орындарыңыз ерекше. Бүгінгі спартакиада – осындай игі істердің дәлелі. Бүгінгі жарыста үздіктер топ жарсын. Баршаңызға сәттілік, – деді аудан басшысы Асқарбек Темірбекұлы. Айтпа кетейік, спартакиадаға 200-ге

– 2011 жылдан басталған бұл дәстүрлі спартакиада ойындарына қатысушылар саны 60 адамнан басталып, бүгінде 200-ге жуыққағаны қуантарлық жағдай. Арнайы тапсырма беріп, ардагерлерге арнап осындай іс-шара ұйымдастырғаны үшін аудан басшылығына алғыс білдіремін. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда ардагерлердің орны ерекше, нағыз үлгі болатын сіздерсіздер, сәттілік тілеймін, – деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев.

«Қол күрес» сайысы бойынша ерлер арасында өткен жарыста I орынды аудандық аурухана бөлімі, II орынды Ақсу ауылы, III орынды Аққум ауылының ардагерлері иеленсе, әйелдер арасында өткен «Қол күрес» сайысынан I орынды Мәдениет ауылы, II орынды Ақсу ауылы, III орынды Бұқарбай батыр ауылының әйелдері иеленді.

Ардагерлері ие болды. «Арқан тартыс» сайысы бойынша I орынмен Ақсу ауылы, II орынмен аудандық аурухана бөлімі, III орынмен Есет батыр ауылы марапатталды. Спортқа қатысушы ардагерлер өздерінің салауатты өмір салтын сақтаудағы шымырлығын көрсетіп, ер сайысқа үлкен дайындықпен келгенін көрсете білді. Соның арқасында көрермендерге де, спорт сүйер жастарға да ерекше көңіл-күй сыйлады. Сайыс болған соң кез келген жарыстың соңында басты жүлдегер анықталатыны тағы да анық.

Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығына орай ұйымдастырылған «Спорт – саулық кепілі» атты ардагерлер арасында аудандық XI спартакиадасында жүлделі III орынмен Мәдениет ауылының ардагерлері, II орынмен Кент ардагерлері, жүлделі I орынмен Ақсу ауылының ардагерлері марапатталды. Айтпа кетейік, Ақсу ауылының ардагерлері осы сайыста осымен қатарынан үшінші рет бас жүлдені иеленіп, жеңіс тұғырынан көрініп отыр.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Спорт адамның физикалық дайындығымен қоса, оның адамгершілік қасиеттерін де жетілдіреді. Ардагерлердің спортқа әуестігі аудан жастарына үлкен шабыт беретіні анық. Осы 7 сайыстан тұратын тартысты ойында әр командадан тек 1 спортшы спорттың бір түріне қатысты. Әр команда құрамы 10 ардагерден құралған. Сайыс соңында командалар арнайы ардагерлер кеңесі төрағасы Садық Әлиевтің алғыс хатымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Бір шақырымға жүгіру сайысында ерлер арасында I орынға Аққум ауылы, II орынға аудандық аурухана бөлімі, III орынға Темірбек Жүргенов ауылының

Салауатты өмір салтын ұстаған ардагерлеріміз ұлағатты өмір жолында спортпен шұғылдандудың пайдасын жастарымызға насихаттап келеді. 2011 жылы бастау алған дәстүрлі спартакиада қазіргі таңға дейін өз маңызын жоғай жоқ. Аудан ардагерлері осындай игі шаралар арқылы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге көрсете бермек.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Сақтансаң, сақтайды

Дала өрті өршімесін десеніз...



Бүгінде шөп жинау және жем-шөп дайындау бойынша жұмыстар ауыл шаруашылығында қызу жүреді. Атқарылып жатқан жұмыс кезінде ыстық, құрғақ және желді ауа райы, көпсанды ауыл шаруашылық техникалары, жанармай материалдары қауіпті жағдай тудырады. Малға құрделі жем-шөп жинау үшін, тек ауыл тұрғындары емес, сонымен бірге көптеген адамдар жаз бен күз мезгілдерінде қол үзейтін жұмыс жасайды. Ұзақ уақыт атқарған жұмыстың нәтижесі санаулы минуттарда өртеніп, жойылып кетуі өзекті өртейтін қайғыға әкелетінді рас.

Жем жинайтын арнайы техникалар, тракторлар, автокөліктер және өзі жүретін шассилерге жанармай құю ережелерінің бұзылуынан өрт туындауы мүмкін. Төгілген май, бензин, керосин және тағы басқа жеңіл тұтанушы және жанғыш сұйықтықтар қауіп төндіреді. Дала және жем-шөп жинау орындарында болатын өрттердің себептер оталдыру жүйесінде, ауыл агрегаттарының пайдаланылған кернеуіндегі ұшындардан оларда жарамды ұшқын сөндіргіштің болмауы, агрегаттарда жиналып қалған астық сабақтарының үйкелуінде.

Өрттің алды алу және материалдық зардап шекпеу мақсатында маңызды ережелерді есте сақтаңыз. Тұрғын үйдің мекен учаскелерінде шөп жинау ғимаратқа және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықта орындалады. Қоралардың шатырларына және басқа шаруашылық құрылыстарына жинауға, электр жеткізу желілерінің астына жинауға, учаскенің сыртық қоршауынан кемінде 3 метр қашықта, көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошақтары, шөмеле, маяларын, сабан және басқа да ірі жем-шөпті орналастыруға жол берілмейді.

Ірі жем-шөпті тасымалдау пайдаланылған құбырлары радиатордың астынан шығарылған, ұшқын өшіршілтермен және қосымша екі ұнтақты өрт сөндіргішпен жабықталған арнайы көлік құралдарында жүзеге асырылады. Жинау бітіктің жер деңгейінен 4 метрден аспайтындей етіп орындалады. Отты пайдалануда ойланбай істейтін әрекеттерге етіп бермеңіздер. Егер өрт немесе жану оқиғасы байқасаңыз, нөмірқарлық таңыпай, тез арада өрт сөндіру бөліміне «101», «112» телефон нөмірі арқылы хабарлаңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Тағылым

Отанды сүю – әрбір азаматтың міндеті

«Елім маған не береді?» деп емес, «Мен еліме не бере аламын?» деген отансүйгіштік құндылықты жастардың бойына сіңіру мақсатында аудандық «Германиядағы Кеңес әскерінің тобы мен Варшава келісім-шарты әскерінің тобы ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен іс-шараның куәсі болдық. Иә, Конституция күні қарсаңында өткен патриоттық басқосудан келешек елдің тыныштығы мен бейбітшілікті ұстап тұратын ұрпақ тәрбиесінің маңыздылығын терең ұғындық. Жат елдің шебінде болса да, алдымен елінің қауіпсіздігін кірпік қақпай күзеткен аға буын өкілдерінің әңгімелерінен Отан үшін отқа түсіп, қандай ерлік жасағанын аңғарып, кеудемізде мақтаныш сезімі орнады.

– Біздің басты мақсатымыз – ер-жігіттердің ерлігін дәріптеу. Өкінішті-ақ, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің де қатары жыл санап азайып барады. Сондықтан Отан үшін отқа түсіп, елі үшін ескерде болған азаматтарды және олардың қандай ерлік жасағанын насихаттау – біздің басты парызымыз. Жасыратыны жоқ, қазір ата-аналар балаларын ескерге жібергісі келмейді. Ал бабаларымыз аманат етіп қалдырған ұлан-байтақ жерімізді қорғау, ел басына күн туғанда қолына қару ұстап атқа қону – әрбір ер-азаматтың міндеті екені сөзсіз. Сол себепті осындай шараларды жиі ұйымдастырудың қоғам үшін маңыздылығы күннен-күнге артып келеді. Бүгінгі шараға Жалағаш ауданы бойынша қоғамдық бірлестігінің ардагерлері қатысып отыр.

Бұл аға-аталарың Отан үшін жігіттің парызын шет елдерде абыроймен атқарып, нағыз қазақ ерінің үлгісін көрсете білгендер. Сондықтан жастар осы аға-аталарының әңгімесін естіп өссе, жаман болмасы анық. Бір қынжылтатыны, жастар арасында ескерге бару мәселесінің бар екенін біле тұра, біз осындай басқосуларға бейжай қарап жатамыз. Ал бұл кісілер жастармен етене жұмыс істеуге дайын, әрине әрқайсысының тірліктері бар, бос уақыттары болмай жатады, десе де бұл кісілер ел үшін дегенде барлығын ысырып қоюға дайын. Біз осыны дұрыс пайдалана білуіміз керек. Иә, айтатын дүние көп, быыл Германиядағы Кеңес әскерінің шығарылуына 29 жыл толып отыр, ардагерлерді атаулы датамен шын жүректен құттықтаймын. Ең бастысы,

30 тамыз мемлекетіміз үшін аса құрметті мереке – Конституция күні, осы орайда барша қазақстандықтарға мереке құтты болсын дейміз. Біздің Тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымызды сақтайтын отаншыл жастарымыздың қатары арта берсін, – деп ағынан жарылды Қызылорда облысы бойынша «Германиядағы Кеңес әскерінің тобы мен Варшава келісім-шарты әскерінің тобы ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Алтынсары Шүренов.

Тарихқа көз жүгіртсек, 1945 жылы 10 маусымнан бастап Германия Демократиялық Республикасының аумағында Кеңес одағының Басқыншылық әскери күштерінің тобы өз қызметін атқара бастайды. Оның бірінші Бас қолбасшысы болып Кеңес одағының Маршалы Георгий Жуков тағайындалады. Бұл топтың алдында оны бейбіт өмірге қайтару міндеті тұрды. Сонымен қатар КСРО-ның батыс шекарасын сыртқы қауіп-қатерден қорғау және кез келген жаудың соққысына төтеп беру басты миссия болды. Жалпы, топ құрылған кезде Кеңес әскерінің тобында 1,5 миллион адам болған. Офицерлер, прапорщиктер, әскери міндеттілер, азаматтық қызметкерлер мен ескерге шақырылғандар ГДР маркасында жалдақ алған. 1954 жылы окупациялық функциялар жойылғаннан кейін Германиядағы Кеңес одағы әскерлерінің тобы осы жылдың 24 наурызынан бастап Германиядағы Кеңес әскерлерінің тобы болып



өзгертіледі. Ал 1989 жылы 1 шілдеде Германиядағы Кеңес әскерінің тобы – Әскердің Батыс тобы болып өзгертілді. Дәл осы жылы Михаил Горбачев Германиядан әскери құрамаларды шығару туралы шешім қабылдайды. Оның мұндай шешім қабылдауына канцлер Гермут Кольдің КСРО-ға сапары түрткі болған. Бүгінде «Германиядағы Кеңес әскерінің тобы мен Варшава келісім-шарты әскерінің тобы ардагерлері» қоғамдық бірлестігіне Қызылорда облысы бойынша 700-ден асы ардагер тіркелсе, аудан бойынша 91 ардагер қатарда екен.

– Конституция күні құтты болсын. Иә, біз Кеңестік кезеңде шет елде жүріп, әскери қызмет атқардық. Қашан, қай елде қызмет атқарсақ та, қазақтың атын шығарып, абыройын түсірмедік. Бұл – тарих, біздің өміріміздің бір бөлігі, жастық шағымыздың естелігі. Қазір біз тәуелсіз елде ғұмыр кешіп

жатырмыз, шүкір, артымызда өскелең ұрпақ өсіп келеді. Әрине қазақтың әрбір перзенті біздей патриот болсын, мықты ер-жігіт болсын дейміз. Себебі біз ескерге баруға асықтық. Өйткені әрбір ер азамат Отанын қорғауы керек. Әскер болу – әрбір азаматқа абыройлы міндет. Ата-ананың үмітін ақтап, бақытты ғұмыр кешу үшін жастар отаншыл патриот болуы тиіс. Сондықтан бүгінгі шараның қоғам үшін маңызы өте зор, – деді аудандық «Германиядағы Кеңес әскерінің тобы мен Варшава келісім-шарты әскерінің тобы ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бейбітжан Шілдебаев.

Патриоттық жиынның келесі бөлімі арнайы шақырылған қонақтарды арнайы алғыс хатпен және мерекелік төсбелгімен марапаттаумен жалғасты. Мәселен, қоғамдық бірлестік атынан аудан ардагері Жұмағазы Әбжановқа төсбелгі мен куәлік табысталды.

Жандос ЖАЗКЕН



Погондағы журналист

Тәртіп сақшысы – қоғам қорғаны

Соңғы уақытта өңірімізде көлік тізгіндеушілер қатары күрт өсті. Сондықтан болар, жол-көлік оқиғалары жиілеп, келеңсіз жайттар орын алуда. Десе де осындай жағымсыз оқиғалардың алдын алу мақсатында тиісті органдармен ауданда үздіксіз шаралар ұйымдастырылуда. Иә, елдің тыныштығы мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін полиция қызметкерлері қаншама жол-көлік оқиғаларының алдын алды. Мәселен, соның бірі 21-23 тамыз аралығында аудан көлемінде құқықтық тәртіпті сақтау, көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда қылмыстардың алдын алу және жолын кесу мақсатындағы «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасы ұйымдастырылып, рейдтік іс-шаралар жүргізілген. Әрине мұның барлығы аудан тұрғындарының қауіпсіздігі үшін жасалып жатқан іс-шаралар екені сөзсіз. Осы орайда аудан тұрғындарының амандығы мен тыныштығы үшін күні-түні аянбай қызмет ететін сала қызметкерлерінің әр күні қалай өтетінін білу мақсатында тәртіп сақшыларының біркүндік жұмысын біз бірге атқаруды жөн көрдік.

Аудандық полиция бөлімінде жұмыс уақыты ерте басталды. Таң атысымен ғимарат ішінде тіршілік қайнап жатыр, сірә үйреншікті жағдай болар, ұйқысын аша алмай, маужырап жүрген ешкім байқалмады. Қызметкерлер таңғы сағат 7.00-де кезекші бөлімнен қару алады екен. Содан кейін бүгінгі жұмыс күнінің міндеттері мен тапсырмалары беріліп, сағат жеті жарым шамасында саптық жиын басталды. Жиында міндетті бөліністерін айқындаған полиция қызметкерлері дереу жұмыстарына кірісіп кетті.

Бұл жолы әріптесім Кенжетай Қайрақбаев екеуміз АПБ Жергілікті

полиция бөлімшесіне қарасты патрульдік полиция тобының қызмет инспекторы Нұрлыбек Жолдастың біркүндік кезекшілігіне түсіптіз. Орда бұзар жаста тұрған жігіттің бұл жұмыста келе жатқанына 8 жылдан асыпты. Өз ісіне деген жауапкершіліктің қандай боларын ол жақсы біледі. Қысқасы, бұл саладағы жұмыстың барлығы оған бес саусағындай таныс.

Біз де полиция қызметкерінің формасын киіп, аға лейтенант Нұрлыбектың «Нива» маркалы жұмыс көлігіне отыра кеттік. Әрине қобалжу бар. Полиция қызметкері дереу бізден қауіпсіздік белдігін тағуды

талап етті. «Бүгін менің әріптесім екенсің, сол себепті тәртіпті әуелі өзімізден бастағанымыз жөн», деген қызметкердің бір ауыз сөзі біз үшін жауапкершілікті одан бетер еселегенді болды.

Көлігіміз кент орталығына жол тартты. Дәуімбай елді мекенінде көлік саны аз ба, ереже бұзғандар кездесер емес. Әрине қуантарлық жағдай. Осы сәтті пайдаланып, полиция инспекторын әңгімеге тартуды жөн көрдік.

Нұрлыбектің айтуынша, қазір кентте көлік саны көбейген. Сол себепті жол жүру ережесі жиі бұзылып жататынын көрінеді. «Біздің негізгі мақсат – тек айыппұл салумен шектелмей, жүргізушілерге түсіндірме жұмыстарын жасап, мейлінше олардың қауіпсіздігіне жұмыс жасау» деп түйді ол әңгімесін. Әріптесімнен көп сөздің емес, істің адамы екені көрінді.

Кент орталығындағы базар маңына тұрақтап, кейіпкерім көлік қозғалысын реттеуге кірісіп кетті. Көлік қозғалысын реттеуге полициягердің рөлі зор. Өйткені базар маңында таңертең көлік саны көбейеді, көлік жүргізі қиындай түседі. Сол сәтте «Субару» маркалы көлігіне дереу аялдауға бұйырды. Сөйтсек, жүргізуші қауіпсіздік белдігін тақпаған екен. Полиция инспекторы өзін таныстырып, тоқтау себебін түсіндірді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 593-бабы, яғни Жол жүргісі қағидаларында көзделген жолаушыларды және жүктерді тасымалдау, қауіпсіздік белдіктерін немесе мототолемдерді пайдалану жөніндегі талаптарды сақтамау бойынша хаттама толтырып, 5 АЕК



мөлшерінде айыппұл салды. Сондай-ақ қайталамауды қатаң тапсырды, өйткені екінші рет тағы осылай заңды бұзса, 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады екен.

Автовокзал алдынан өте бергенде «Вольфсваген» маркалы көлік назарымызға ілікті. Автокөліктегі дөбүс күшейтілген көлікке оң қапталға аялдауға талап етті. Жүргізуші де дереу талапты орындап, көлік қозғалтқышын сөндірді. Дәл жоғарыдағыдай реттілікпен құжаттарын сұрады. Құжаттары түгел. Бір айыбы, көлік жаяу жүргіншілерге жол бермей, жолақты кесіп өткен. Осылайша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 600-бабы, жаяу жүргіншілердің немесе жол жүргізушінің өзге де қатысушыларының жүруіне басымдық бермеу бойынша хаттама толтырылып, 10 АЕК мөлшерінде жүргізушіге айыппұл салынды.

Әрине заң бәріне ортақ, мұндай қатаң шара қолданудың да өзіндік мәні бар. Аяушылық білдіріп, жібере салсан, уақыт өте бұдан да ауыр заң бұзушылыққа алып келуі мүмкін. Сондықтан алдын алған абзалырақ екен. Нұрлыбек түсіндірме жұмыстарын да назардан қалдырмады. Дәуімбай елді мекенінде өтетін «тесік көпірден» өткенімізде «Ниссан» маркалы автокөлігінің ережені бұзып келе жатқанын байқадық. Біз де қырағылана бастадық па, жан-жақтағы көліктердің барлығын көзбен сүзгенде өткізіп келеміз. Әріптесім көлік тізгіндеген азаматқа оң қапталға тоқтауды талап етті. Тәртіп бұзған көлік иесіне «Қауіпсіздік өзіңің үшін, сондықтан жылдамдықты асырмай жүруді қаперден шығармаңыз» деп



ауыша да, жазбаша да ескерту мүмкіндік бар, – деді полицей Нұрлыбек Жолдас.

Нұрлыбектің айтуынша, күніне жүргенсіз көлік жүргізушілерге 10-15-тен аса айыппұл салынады екен. Демек, көлік жүргізушілер тарапынан жол ережесін сақтауға әлі де құлықсыздық басым деген сөз. – Қызметте жүрген соң жұмыс барысында қойылған талаптарды уақытында орындауға міндеттіміз. Өйткені бұл – адам өмірі мен қауіпсіздігіне жауап беретін қызмет саласы. Сол себепті полицей қызметкері дене дайындығымен қатар психологиялық дайындықта жүруі қажет. Жол ережесін бұзған азаматтарды анықтау қиын шаруа емес, кенттегі барлық бейнекамералар жұмыс жасап тұр,

сол арқылы дереу ескерулерге мүмкіндік бар, – деді полицей Нұрлыбек Жолдас.

Осылайша қарбаласы мол біркүндік жұмыс күні аяқталғасын, қызметтік қару қайтадан кезекші бөлімге тапсырылды. Сырттай қарағанда форма киіп жүретін қызмет болып көрінгенімен, жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл қызмет – жауапкершілігі мол жұмыс. Сондықтан «қауіпсіз ортаны қалыптастыруда тек полиция қызметкерлері ғана жауапты» деген түсініктен аршылып, қоғам болып сол жауапкершілікті сезінуіміз қажет.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1360